ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126
**Тел.:** 8(727)-2925740
**Факс.:** 8(727)-2925057

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
050013, г.Алматы, ул.Байтурсынова, 126
**Тел.:** 8(727)-2925740
**Факс:** 8(727)-2925057

17.07.2017 № 27

# ӨКІМ

Жетістікке жеткен талапкерлерді ынталандыру және әлеуметтік кепілдік беру, білім саласында қызмет көрсету шарттары бойынша оқитын жеке тұлғаларға алғашқы оқу жылында оқу үшін қызмет төлемін уақытылы қамтамасыз ету мақсатында, 2017-2018 оқу жылында (осы категориялардың тек біреуіне ғана) мына жеңілдіктер берілсін:

**1.** Алдын-ала төлем жасағаны үшін:
*(бір жылға оқу төлемін төлеген жағдайда):*
- 2017 жылдың 31 тамызына дейін – 10 %,

барлық оқу мерзімінде (4 жыл) төлемге осы жеңілдік қарастырылуы мүмкін

**2.** Жетім қалған талапкерлерге - 25 %.

**3.** Көп балалы отбасынан шыққан талапкерлерге *(4 баланың да 22 жасқа толмағандығын растайтын барлық құжаттарымен бірге берілгенде)* - 15 %.

**4.** Мүгедектерге:
- 1 топтағыларға – 15 %;
- 2 топтағыларға – 10 %.

**5.** АЭжБУ-нде өткізілген пәндік олимпиаданың қатысушылары мен жеңімпаздарына:
- I - III орын – 15%;
- IV – X орын – 10%;
- қалғандары – 5%.

**6.** «EdTech» халықаралық білім беру орталығында оқушыларға меморандумға сәйкес - 10%.

**7.** «Алтын белгі» медалінің иегеріне немесе ҰБТ-да ≥ 120 балл иеленіп, ерекше аттестатқа ие болған талапкерлерге - 15%.

**8.** Мектепті "жақсы" және "өте жақсы"-ға аяқтаған және ҰБТ-да ≥ 100 балл иеленген талапкерлерге - 10 %.

**9.** Мынадай шартпен, егерде АЭжБУ-нде бір отбасыдан екі немесе одан да көп студенттер оқыған жағдайда әрқайсысына - 10%.

1674

**10.** Ынтымақтастық туралы шарт негізінде АЭжБУ жұмыс жасайтын мектеп пен колледж бітірушілеріне *(мектептердің тізілімі www.aipet.kz* сайтында) - 5%.

**Жеңілдік оқу мерзімінің алғашқы жылында ғана беріледі.*

**11.** Таңдалған мамандығына сәйкес келуі бойынша, жеңілдетілген төлемге құқығы бар білім алушы, оны растайтын құжаттарын факультет деканының атына жазылған өтінішімен бірге **ағымдағы 31тамызға дейін** өткізуге тиісті. Көрсетілген мерзімнен кейін жеңілдетілген төлемге құқық беру күшін жояды.

**12.** Осы өкімнің орындалуын бақылау ҚЕД директоры – бас бухгалтер З.К.Ибраеваға жүктелсін.

**13.** ӘД маманы Б. Мырзабекова осы өкімді университеттің барлық сәйкесті бөлімшелеріне жеткізсін.

**Ректор** **С. Сагинтаева**